

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M04142 «Қаржы»

Тіркеу номері	7M04100145
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M04 «Бизнес, басқару және құқық»
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	7M04142 Қаржы
БББ түрі	Әрекет етуші
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі
БББ көлемі	60 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент 2025

Құрастырушылар:

Т.А.Ә. Ф.И.О.	қызметі	КОЛЫ
Айтымбетова А.Н.	з.ғ.к, кафедра меңгерушісі	
Мауленкулова Г.Е.	з.ғ.к, доцент	
Маханов А.	МЭФ 24-5тпр тобының магистранты	
Өтешова С.	МЭФ 24-5на тобының магистранты	
Өлімбаева Б.Б.	ҚР Ұлттық Бані Шымкент қаласы бойынша филиал РМК директорының орынбасары	
Балгинбаев Талгат Дуйсенбекович	«Алтын Мира» ЖШС директоры	
Түлебаев Нурболат Агманович	«М групп» ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы Басқару және бизнес ЖМ академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде каралды.

« 11 » 03 2025ж. № 411 хаттама.

АК төрағасы Куланова Д.А.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 21 » 03 2025ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы Е.И.Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 27 » 03 2025ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	9
3.1	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	11
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	12
5.	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кестесі	20
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	21
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	22
	Келісу парағы	23
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	24
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	25
	Қосымша 3 Кәсіби стандарттар.	75

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңіске жететін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әлауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.
Академиялық адалдық және әдеп саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы); Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒЖЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 3. ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру

	<p>бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>4. ҚР БжҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>5. ҚР БжҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>6.ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген</p> <p>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша</p> <p>8. ҚР ҒжЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген</p>
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</p>
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	<p>Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта</p>

	<p>арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (басғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимылашпараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қол жетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудиобағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>
--	---

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Қаржы-экономикалық қатынастар саласында кең ауқымды іргелі білімі бар жаңа формациядағы мамандарды дайындау.
БББ міндеттері	<p>- дағдарысқа қарсы қаржы саясатын қалыптастыруға қабілетті жоғары сапалы кәсіптік білім беруді, қаржы саласындағы менеджменттің, кәсіптік мәдениеттің жоғары деңгейі бар мамандарды ұсыну;</p> <p>- магистранттар дамудың жоғары жалпы интеллектуалды деңгейін игеру, қаржы нарығында жұмыс істеу дағдылары мен дағдыларын меңгеру, зияткерлік дамудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету, моральдық, этикалық және құқықтық нормаларды, ойлау мәдениетін меңгеру, шығармашылық әлеуетті, бастамашылдық пен инновацияны дамыту әдістерін меңгерулері;</p> <p>- Магистранттар кәсіби білімділікке кепілдік беретін ғылымның өзара байланыстарында іргелі курстарды меңгереді.</p> <p>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау</p>
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • 7-шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>Білім беру бағдарламасы стейкхолдерлер талаптарын ескере отырып түзетілген Эксперименталды-зерттеу, практикалық және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлеріне байланысты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.</p> <p>Шағын және орта бизнестің салалық біліктілік шеңбері (өтпелі кәсіптер). Кәсіби стандарт: " Қаржылық менеджмент " бұйрық №263 26.12.2019 ж .</p>
Берілетін дәреженің атауы	БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 7M04142 «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша «Бизнес және басқару» магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Білім беру бағдарламасының түлектері әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылық субъектілерінің қаржылық, басқарушылық, кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруда жетекші және бас мамандардың қызметі міндеттерін орындай алады.
Кәсіби қызмет саласы	экономиканың нақты секторы, қаржы және банк жүйесі, сақтандыру компаниялары, қор биржалары және мемлекеттік органдар.
Кәсіби қызметтің нысандары	сала мен қызмет саласына қарамастан, барлық меншік түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындар; мемлекеттік және жергілікті басқару органдары мен инфрақұрылымдар; өңір аралық, ведомствоаралық және халықаралық ғылыми-зерттеу және сараптамалық консалтингтік ұйымдар.
Кәсіби қызмет пәні	<p>- әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі экономикалық санаттарды пайдалану;</p> <p>- қаржылық-кредиттік саясат тактикасын және стратегиясын</p>

	<p>әзірлеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы саладағы қаржы-несие саясатын жүзеге асыру тетігін әзірлеу; - ұйымдар мен кәсіпорындарда қаржы жоспарлау, бюджеттеу және болжауды ұйымдастыру және басқару; - қаржылық және сақтандыру нарықтарындағы қатысушылардың есептерін жасау; - қаржы менеджментінің әдіснамасын меңгеру және кәсіпорындардың шоғырландырылған есептерін жасау; - отандық тәжірибеде қаржы ұйымдарының халықаралық тәжірибесін бейімдеу; - келісім шарттарды жасау әдістемесіне ие болу.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастырушылық және басқарушылық; - өндіру және басқару; - Қаржылық; - аналитикалық; - сараптамалық кеңес беру.
Оқыту нәтижелері	<p>ОН 1 Шетел тілін білуді интеграциялау және оны дұрыс түрде көрсету, оны ұйымдардың немесе мекемелердің басқару стратегияларын іске асыруда қолайлы кәсіби органы құру үшін пайдалану.</p> <p>ОН 2 Ақпаратты және есептік сауаттылық дағдыларын меңгеру, ақпаратты жинақтау, талдау және қабылдау, мақсаттарды қою және ұйымның және мекеменің даму стратегиясының шеңберінде оған жету жолдарын таңдау.</p> <p>ОН 3 Зерттеудің қажетті әдістерін, банк жүйесін ұйымдастыру мен жұмыс істеудегі, сақтандыру, салықтар мен салық салуды, инвестицияларды, компанияны қаржылай басқаруды таңдауға түсініктеме беру.</p> <p>ОН 4 Жасанды интеллект технологияларын басқаруда практикалық дағдыларды қолдана отырып, корпоративтік қаржы саласындағы мәселелерді шешу, қаржылық процестерді оңтайландыру және ұйымның тиімділігін арттыру.</p> <p>ОН 5 Ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қаржылық нәтижені есептеу және қаржылық шешімдерді іске асыру процесінде есепке алу әдіснамасын қолдану</p> <p>ОН 6 Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы көрсеткіштерін жақсарту мақсатында түрлі қаржылық сызбаларды құру үшін бақылау және салық салу дағдыларын игеру.</p> <p>ОН 7 Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржылық стратегиясын әзірлеу.</p> <p>ОН 8 Ұлттық және сыртқы нарықтарда қор биржаларын капиталдандыру үшін акциялардың бағаларын, валютаның және басқа қаржы құралдарының қозғалысы туралы деректер қорын пайдалануда кәсіби дағдыларды көрсету.</p>

3.БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

Жалпы құзыреттіліктер (SOFTSKILLS): Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
ЖҚ1. Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, трансәрттігілік, кроссфункционалдылы)	ЖҚ 1.1. Өмір бойы кәсіби және жеке өсуге ұмтылу. ЖҚ 1.2. Тандалған траектория шеңберінде және пәнаралық жағдайларда өз білімін үнемі жаңартып отыру, үлкен дербестік және өзін-өзі реттеу дәрежесімен одан әрі оқытуды жүзеге асыру. ЖҚ 1.3. Рефлексия жасауға, өз жетістіктерін объективті бағалауға, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада білім алуды жалғастыру қажеттілігін түсінуге қабілетті болу.
ЖҚ2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2.1. Келіссөздер мен іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби салада жеткілікті деңгейде қарым-қатынас жасай білу қабілеті. ЖҚ 2.2. Медиация және мәдениетаралық түсіну дағдыларын меңгеру қабілеті.
ЖҚ3. Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	ЖҚ 3.1. Зерттелетін саладағы қолданбалы есептерді шешу үшін Математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіну қабілеті. ЖҚ 3.2. Ғылыми эксперименттерді қоюды жоспарлау, кәсіби саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін біріктіру және енгізу білігі. ЖҚ 3.3. Педагогикалық және психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдау және түсіну және оларды педагогикалық іс-әрекетте қолдану қабілеті.
ЖҚ4. Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4.1. Жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін сенімді пайдалану қабілеті. ЖҚ 4.2. Сандық құрылғылардың кең ауқымында ақпаратты пайдалану, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және бөлісу дағдыларына ие болу. ЖҚ 4.3. Ғаламдық ақпараттық ресурстарды сенімді пайдалану және ғылыми-зерттеу және есептеу-талдау қызметінде технологиялық сауаттылықты қолдану қабілеті.
ЖҚ5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ 5.1. Іскерлік этика нормаларын, Әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және кәсіби қызметте оларға бағдарлану. ЖҚ 5.2. Қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. ЖҚ 5.3. Командада жұмыс істей білу, пікірталас барысында өз позициясын дұрыс, нақты және дәлелді түрде қорғай білу және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау. ЖҚ 5.4. Қызметтің әртүрлі әлеуметтік салаларында және белгісіздік жағдайында дұрыс бағдарлай білу. ЖҚ 5.5. Ымыраға келу, өз пікірін ұжымның пікірімен байланыстыру қабілеті.
ЖҚ6. Кәсіпкерлік құзыреттіліктері	ЖҚ 6.1. Көшбасшылық қасиеттердің көрінісі және басқаларға жағымды әсер ету, ұжымды басқару қабілеті. ЖҚ 6.2. Команданың креативті және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау қабілеті. ЖҚ 6.3. Белгісіздік және тапсырма шарттарының тез өзгеруі режимінде жұмыс істеу, шешім қабылдау, жұмыс жағдайының өзгеруіне жауап беру, ресурстарды бөлу және өз уақытын басқару

	қабілеті. ЖҚ 6.4. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істей білу.
ЖҚ7. Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	ЖҚ 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті. ЖҚ7.2. Әлем халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне Толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
Кәсіптік құзыреттіліктер (HARDSKILLS)	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теориялық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер	КҚ-1Институттар мен ұйымдардың қаржы стратегиясын анықтаудағы проблемаларды шешу үшін заманауи техникалық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, қаржылық ақпараттарды талдау және өңдеу мүмкіндігі; КҚ-2Жалпы стратегиялық мәселелерді шешу үшін корпоративтік стратегияны әзірлеу және қаржылық басқарудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану мүмкіндігі; КҚ-3Міндеттерге сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін қаржыдағы тәжірбиелік зерттеулер жүргізу, есептеулердің қаржылық нәтижелерін талдау және қорытындыларды негіздеу.

3.1БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	Н1	Н2	Н3	Н4	Н5	Н6	Н7	Н8
ЖҚ1	+		+	+				
ЖҚ2	+	+						
ЖҚ3			+	+				+
ЖҚ4			+	+	+	+	+	+
ЖҚ5	+	+	+	+	+	+	+	+
КҚ1		+		+		+	+	
КҚ2				+	+		+	+
КҚ3			+	+	+	+	+	+

4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модульдің аталуы	цикл	Компонент	Пәннің аталуы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)							
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
1	Басқару және іскерлік қарым-қатынас модулі	БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	<p>Мақсаты:Болашақ магистранттың кәсіби іс-әрекетінде белсенді тілді меңгеру дағдылары мен дағдыларын одан әрі дамыту негізінде шет тілін оқытудың халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілігін жүйелі түрде тереңдету.</p> <p>Мазмұны. В2, С1 деңгейлері жоғары деңгейде кәсіби және академиялық мақсаттарға арналған прагма-кәсіби бағдар түрінде ұсынылады: ғылыми ақпараттық база, ғылыми ақпаратты түсіндіру, дәлелдеу, сендіру, ғылыми қайшылықтар, академиялық жазу. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану және заманауи құралдарды қолдану (Интернет ресурстары). Кез келген сабақтас пән бойынша тілдік материалды меңгергендігін көрсету.</p>	2	v							
2		БП	ЖК	Корпоративтік басқару	<p>Мақсаты: қоғамдық саладағы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін тиімді корпоративтік басқару мәселелері бойынша магистранттардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын дамыту.</p> <p>Мазмұны: Корпоративтік менеджмент: тұрақты даму факторлары. Корпоративтік қатынастар және корпоративтік үдерістерді басқару. Корпоративтік мәдениет және оның</p>	2				v			v	

				<p>корпорациядағы дамуы. Корпорацияның инновация-стратегиялық қызметі - корпоративтік басқаруының негізі. Корпоративтік коммуникациялар. Ұжымның психологиялық климаты. Корпоративтік ақпараттық жүйелер және олардың ерекшеліктері. Корпоративтік басқарудағы ақпараттық-аналитикалық технологиялар. Ішкі бақылау және тәуекелді менеджмент жүйесіндегі корпоративтік басқару. Бизнес-жоспарлау негізінде корпоративтік типтегі компанияның дамуын басқару. Корпоративтік басқарудың жаңа концепциялары. Корпоративтік бизнесті мемлекеттік қолдау. Корпоративтік бизнесті трансұлттықтандыру.</p>									
3	Қазақстан Республикасында қаржы нарығының ұйымдастыруы мен теориясы	БП	ТК	<p>Заманауи қаржы құралдары</p>	<p>Мақсаты: Магистранттарда заманауи қаржы құралдарының негіздері бойынша теориялық білімді тереңдетіп қалыптастыру, операциялық, қаржылық және инвестициялық шешімдердің тиімділігін анықтайтын критерийлер мен әдістерді қарастыру.</p> <p>Мазмұны: Қаржы құралдары туралы түсінік. Қаржы құралдарының негізгі түрлері. Туынды қаржы құралдары. ҚЕХС 32 "қаржы құралдары: ақпаратты ашу және ұсыну", ҚЕХС 39 "қаржы құралдары. Қаржы құралдарын есепке алу және бағалау тәртібі. Опциондар-бұл нарық қатысушылары арасындағы келісім. Қаржы құралдарының жалпы сипаттамасы және олармен байланысты тәуекелдер.</p>	4						v	v

					Фьючерстер мен опциялар. Заманауи қаржы құралдарын пайдалану. Заманауи қаржы технологияларын енгізу.										
4		БП	ТК	Капиталды кірістілігін басқарудың экономикалық құралдары	<p>Мақсаты: Кәсіпорын мен ұйым капиталының кірістілігін басқарудың қаржылық мәселелерін шешудің экономикалық құралдары мен практикасы туралы кешенді идеяны қалыптастыру болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Компанияны талдаудың қаржылық моделі. Компанияның инвестициялық саясаты. Компания капиталының құрылымы және құнын бағалау. Компанияның кірістілігін қаржылық талдау. Факторлар және оңтайлы капитал құрылымы. Инвесторларға төлеу саясаты. Кәсіпорынның кірісін жоспарлау және болжау. Кәсіпорынның кірісін бөлу.</p>			v	v	v					
5		КП	ЖК	Эксперимент жүргізу әдістемесі	<p>Мақсаты: Ғылыми-зерттеу қызметімен таныс, өз бетінше шығармашылық ойлауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, деректерді жинауға және талдауға, ғылыми мақалалар жазуға, ірі ғылыми зерттеулердің бөлімдеріне қабілетті мамандарды даярлау.</p> <p>Мазмұны: Ғылыми білім мен шығармашылықтың әдіснамалық негіздері. Теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу бағытын және ғылыми-зерттеу жұмысының кезеңдерін таңдау. Ғылыми ақпаратты іздеу, жинақтау және өңдеу. Ғылыми - техникалық патенттік ақпарат. Теориялық зерттеулер. Зерттеулерде математикалық әдістерді қолдану. Эксперименттік зерттеулер. Ғылыми жұмыс нәтижелерін ресімдеу. Ғылыми зерттеулерді енгізу және тиімділігі. Эксперименттік зерттеулерге арналған жабдық.</p>	5		v	v						
6	Қаржы тұрақтылығын	КП	ТК	ҚР қаржы нарығының даму концепциясы	<p>Мақсаты: Қазақстанның қаржы секторының тұрақтылығын арттыру, қаржы секторын қадағалау мен реттеу жүйесін</p>	5									v

	қамтамасыз ету және қаржы құралдардың даму стратегиясы			жетілдіру, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын дамыту тұжырымдамасы мәселелері бойынша білімдерін тереңдету. Мазмұны: Қазақстанның қаржы нарығын реттеудің құқықтық негіздері. Қаржы нарығының инфрақұрылымы және оның құрамдас элементтері. Ақша нарығы және оның қаржы құралдары. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру және құрылымы. Мемлекеттік және муниципалды бағалы қағаздар. Туынды қаржы құралдары. Қазақстанның кредиттік нарығы және кредиттік жүйесі. Валюта нарығы және валюта операциялары. Қор биржасы, оның құрылымы мен функциялары.										
7		КП	ТК	Қаржы институттары: қызмет, реттеу, тәуекелдер	Мақсаты: Қаржы нарығының барлық компоненттерін – капиталды тарту, тәуекелдерді басқару және өзара алмастырылатын активтердің халықаралық саудасы үшін ақша, несие және валюта салалары форматындағы қаржы институттарын зерделеудің тәсілдері мен әдістерін игеру болып табылады. Мазмұны: Жаһандық және ұлттық қаржы жүйелерінің институттары: экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны, функциялары, заңнамалық негіздері мен реттеуі, таксономиясы. Банк жүйесі: банктік бизнесті және оны реттеу жүйелерін трансформациялаудың классикалық мазмұны мен логикасы сақтандыру жүйесі және сақтандыру қызметін реттеудің ерекшеліктері. Зейнетақы қорлары және ұжымдық инвестициялар нарығының өзге де институттары.			v	v				v	
8		КП	ТК	Корпоративтік қаржыдағы жасанды интеллект	Мақсаты: Әр түрлі қаржылық салалардағы қаржылық мәселелерді шешуде адамның интеллектуалдық қабілеттерін автоматтандыру белгілерін көрсететін	5 5					v	v		

				<p>ақпараттық жүйелердің әртүрлі модификацияларын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Жасанды интеллект туралы түсінік. Жасанды интеллект құрудың пәндік саласының негізгі кезеңдері мен даму бағыттары. Интеллектуалды жүйелердің жалпы классификациялық сипаттамалары. Интеллектуалды жүйе туралы түсінік. Автоматтандырылған интеллектуалды ақпараттық жүйе. Интеллектуалды технологиялары бар заманауи ІС. Интеллектуалды ІК-тердің негізгі қасиеттері мен сипаттамалары. Интеллектуалды интерфейс. Сараптамалық ақпараттық жүйелер. Интеллектуалды мәліметтер базасы. Типтік қолданбалы есептерді интеллектуалды шешушілер. Зияткерлік өзін-өзі оқытумен АЖ. Зияткерлік өздігінен білім алатын ақпараттық жүйелер. Интеллектуалды өздігінен білім алатын ақпараттық жүйелердің түрлері мен сипаттамалары. Шешім қабылдауды қолдаудың ақпараттық жүйесі. Конструктивтік және технологиялық ерекшеліктері. Шешім қабылдауды қолдау жүйелері – интеллектуалды ақпараттық жүйелердің жеке класы ретінде. Шешім қабылдауды қолдауға арналған ақпараттық жүйелерге арналған құрылымдық, технологиялық және архитектуралық шешімдер.</p>									
9		КП	ТК	<p>Ұйымдардың қаржы есептілігінде қазіргі заманғы технологиялар</p>	<p>Мақсаты: Магистранттардың қаржылық инновациялық технологияларды игеруіне қажетті құзыреттерді игеру.</p> <p>Мазмұны: Қаржылық технологиялар феноменінің мәні, электрондық ақша және төлем технологиялары, интернеттегі электрондық ақшаны пайдаланатын төлемдер. Ұлттық төлем жүйесі. Банк карталарының айналымы нарығының субъектілері және есеп айырысуды</p>		v					v	v

					ұйымдастыру. Мобильді банк. Sturptocurrency және Blockchain технологиялары. Криптовалютаның жұмыс істеу инфрақұрылымы және оны қолдайтын платформа. Ақылды келісімшарттар және ұжымдық Инвестициялар. Үлкен деректер және қаржылық есептеулер. Машиналық оқыту. Қаржы технологиясындағы мінез-құллық қаржысы.										
10	Қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржы құралдардың даму стратегиясы	КП	ТК	Мемлекеттік қаржылық басқару	<p>Мақсаты: Магистранттарда мемлекеттік қаржылық басқарудың мәні мен мазмұны туралы тұтас түсінік қалыптастыру және қаржы жүйесінің буындары мен салаларының ерекшеліктерін, әртүрлі деңгейдегі қаржыны мемлекеттік басқару әдістерін білу болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Елдің қаржы жүйесіндегі мемлекеттік қаржының рөлі мен орны. Мемлекеттік қаржы саясаты. Қаржыны мемлекеттік реттеу. Мемлекеттік қаржы жүйесін басқаруды ұйымдастыру. Қазақстан Республикасындағы қаржылық басқарудың мазмұны мен міндеттері. Қазақстан Республикасында қаржыны басқаруды ұйымдастыру. Мемлекеттің қаржы ресурстарын жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау функциялары. Қаржы саясатын іске асыру тетігі. Мемлекеттік қаржылық реттеу тұжырымдамалары. Мемлекеттік қаржы құрылымы.</p>	5			v	v					
11		КП	ТК	Қаржылық тұрақтылық модельдері	<p>Мақсаты: Магистранттардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету модельдері туралы білімдерін игеру және кәсіпорындар мен мемлекеттің қаржылық тұрақтылығының факторлары мен принциптерін зерттеу болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Қаржылық тұрақтылық пен тұрақтылықтың түсінігі мен мәні. Қаржылық жағдай мен қаржылық тұрақтылықтың сипаттамалары. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің</p>					v					

				әдіснамалық мәселелері. Қаржылық тұрақтылық модельдерін қалыптастыру. Қаржылық тұрақтылық модельдерін зерттеу. Қаржылық тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені. Қаржылық тұрақтылықтың факторлары мен принциптері. Кәсіпорындар мен мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын арттыру жолдары. Қаржылық тұрақтылықтың тиімділігін бағалау.									
12		КП	Өндірістік практика	<p>Мақсаты: Оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру.</p> <p>Мазмұны: Отандық және шетелдік ғылымның жаңа әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, эксперименттік деректерді зерттеудің, өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысу. Дағдылар мен құзыреттіліктерді игеру: шығармашылық ойлау және проблемалар мен жағдайларды шешуге шығармашылық көзқарас; талдау жүргізу және практикалық мәселелерді шешу қабілеті. Ұйымдағы өзіндік қызметтің кәсіби дағдыларын көрсету.</p>	9			v		v			v
13	Экспериментальды зерттеу жұмысы және қорытынды аттестация модулі		МЭЗЖ	<p>Мақсаты: Магистратурада оқудың барлық кезеңінде магистранттардың ЭЗЖ орындауы. Орындалған жұмысты жария қорғауды іске асыру.</p> <p>Мазмұны: Зерттеу жұмысын тікелей орындау кезінде осы саладағы эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру. Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы және инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін жеке жұмыс жоспары шеңберінде тиісті салалар немесе</p>	13		v	v					v

					қызмет салалары ұйымдарында міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өтуді жүзеге асыру. Эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы қорытынды есептер жасау, мақалалар жариялау және т. б.									
14	Экспериментальды зерттеу жұмысы және қорытынды аттестация модулі			Қорытынды аттестация	<p>Мақсаты: Магистранттың таңдаған білім беру бағдарламасының қолданбалы өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейінді магистратураны, бітіру жұмысын ұсынуы.</p> <p>Мазмұны: Магистрлік жобаны дайындау барысында курстың базалық және бейіндік пәндері бойынша білімдері; өзінің зерттеу қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды пайдалану қабілеті көрсетіледі. Магистрлік жұмыс дайындықтың орталық бөлігі болып табылады. Кәсіби біліктілік деңгейі, эксперименттік ізденісті өз бетінше жүргізу және шешім қабылдау қабілеті расталады.</p>	8						v	v	v

5.Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте

Оқыту курсы	Семестрі	Ігерілетін модульдер саны	Кредиттердің саны KZ						Барлық сағаттар	Барлық кредиттер KZ	Саны	
			ЖООК	ТК	Теориялық оқу	Өндірістік практика	МЭЗЖ	Қорытынды аттестация			емт	дифсынақ
1	1	3	4	4	30		4		1020	34	6	2
	2	1				9	9	8	780	26		3
Қорытынды		4	4	4	30	9	13	8	1800	60	6	5

6. Оқыту стратегиясы, әдістері мен жасанды интеллект, бақылау және бағалау

<p>Оқыту стратегиялары</p>	<p>Студентке бағытталған оқыту: білім алушы оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірибеге бағытталған оқыту: тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттау</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, әртүрлі тәжірибе түрлерін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • инновациялық технологияларды қолдану; • проблемалық оқыту; • кейс-стади; • топта және шығармашылық топтарда жұмыс істеу; • пікірталастар мен диалогтар, интеллектуалдық ойындар, жарыстар, викториналар; • рефлексия әдістері, жобалар, салыстыру; • Блум таксономиясы; • презентациялар; • ақпарат көздерін ұтымды және шығармашылықпен пайдалану; • мультимедиялық білім беру бағдарламалары; • электронды оқулықтар; • сандық ресурстар; • машиналық оқыту әдістері <p>Студенттердің өзіндік жұмысын, жеке кеңес беруді ұйымдастыру.</p>
<p>Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Пәннің әрбір тақырыбы бойынша ағымдық бақылау, аудиториялық және сыныптан тыс жұмыстардағы білімді бақылау (<i>силлабусқа сәйкес</i>). Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сыныптағы сауалнамалар; • оқу пәнінің тақырыптарын тестілеу; • тест тапсырмалары; • өзіндік шығармашылық жұмыстарын қорғау; • талқылаулар; • тренингтер; • коллоквиум; • эссе және т.б. <p>Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша бір академиялық кезеңде кемінде екі рет.</p> <p>Аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Іс-әрекет формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тестілеу түріндегі емтихан; • ауызша емтихан; • жазбаша емтихан; • аралас емтихан; • жобаларды қорғау; • практикалық есептерді қорғау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.</p>

7. БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету

<p>Ақпараттық ресурстық орталық</p>	<p>Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залдары, 2 электрондық ресурстық орталықтар (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видео двойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модульді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалы қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kz сайтында пайдаланушыларға қолжетімді электронды каталогта көрсетілген.</p> <p>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/pps сілтемесі арқылы кез-келген құрылғыдан қолжетімді.</p> <p>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭЖ 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».</p> <p>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz/web-сайты арқылы ұсынады.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Акнурпресс", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.</p> <p>АББО ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p>Материалдық-техникалық база</p>	<p>«Kaspi Bank» АҚ ШФ, «Евразиялық Банк» АҚ ШФ, «Fortebank» АҚ ШФ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жамбыл облысы филиалы, ЖШС «Алтын - Мира», ЖШС «Тассай- Бетон» Шымкент қаласы, ТОО «КамАвтоЛидер» ШФ, ТОО «Созакснаб» ЖШС, ТОО «Алтын дан» ШФ.</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

7M04142 «Қаржы» білім беру бағдарламасы

АКМЖД директоры



колы

Науқенова А.С.

АҒД директоры



колы

Назарбек У.Б.

7M04142 "Қаржы" білім беру бағдарламасына

Рецензия

«Қаржы» мамандығы еліміздің дамып келе жатқан экономикасындағы өзгеретін жағдайға бейімделуге қабілетті жоғары білікті мамандарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңбері мен Еуропалық біліктілік шеңбері талаптарына сәйкес келетін кәсіби оқытуды жалғастырады.

7M04142 "Қаржы" білім беру бағдарламасына сәйкес магистр келесі құзыретке ие болады:

- кредиттік, депозиттік, валюталық, инвестициялық саясаттың стратегиясы мен тактикасын әзірлеу және іске асыру;
- ұлттық және шетел валюталарында есеп айырысудың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру;
- кәсіби қызмет саласына инновациялық технологияларды енгізу;
- инвестициялық жобаларды әзірлеу және енгізу;
- қаржы - несие институттарының қаржылық қызметін басқару, талдау және бақылау;
- бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру мен қалыптастыруда кәсіби қызметті жүзеге асыру;
- типтік міндеттерді шешу және стандартты емес міндеттерді шешу, аналитикалық тәсілді қажет ететін лауазымдарда өз бетінше жұмыс істеу қабілеті;
- ақша, несие, қаржы теориясы бойынша білімді, өзінің практикалық қызметінде құқықты пайдалану, қаржы-несие жүйесін басқару саласындағы негізгі құбылыстар мен ескірген мәселелердің мәнін түсіну;
- ҚР заңнамалық актілерімен және халықаралық құқық нормаларымен қарастырылған құқықтық өріс шеңберінде жүйенің, органның, шаруашылық немесе өзге де қызмет субъектісінің тұрақты жұмыс істеуі үшін қаржылық-құқықтық тетіктің нысандары мен әдістерін қолдану.

Траекториялар элективті пәндерді көрсете отырып, оқу жоспарларында модульдерді қалыптастыру принципі бойынша құрылған.

Білім беру бағдарламасы бейіндік білім беру магистранттарында ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамытуға, заманауи әдістер мен технологияларды іс жүзінде қолдануға бағытталған жобаларды орындауға, кәсіби ортаның өзгерістеріне, бизнес - қауымдастықтың және еңбек нарығының талаптарына тез бейімделуге, фирманы қаржылық басқарудың өзекті практикалық міндеттерін тиімді шешуге; бағытталған. Кәсіби саладағы біліктілікті жүйелі түрде арттыруға көмектеседі.; салалық кәсіпорын қызметін кешенді талдау дағдыларын және кәсіби қызмет бағытын дамыту үрдістерін дамыту; теориялық және практикалық оқытудың оқу процесіндегі оңтайлы арақатынасы (практикаларды мақсатты ұйымдастыру есебінен); өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауапты қарым-қатынасты қалыптастыруға, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыруға бағытталған білім беру процесіне тұлғалық-бағдарлы көзқарас; магистр тұрақты кәсіби өзін-өзі жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметті ұйымдастыруға баса назар аударылатын өзін-өзі дамыту аспектісі.

Өңірдің жоғары білікті кадрларға қажеттілігінің ерекшелігі бағдарламалардың атауларында және олардың мазмұнында көрсетіледі. ББ –ның сапасы ҚР жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Жалпы, рецензияланатын білім беру бағдарламасы кәсіби қоғамдастық өкілдерінің талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде 7M04142-"Қаржы" мамандығы бойынша ОҚУ "Қаржы" кафедрасы әзірлеген БББ сипаты, құрылымы және мазмұны деп қорытынды жасауға болады. Еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келеді және білім алушыға қажетті құзыреттіліктерді сатып алуға және дамытуға, кәсіби қызмет саласында жоғары білікті маман болуға мүмкіндік береді. Осы модульдік білім беру бағдарламасы 7M04142-"Қаржы" (бейіндік оқыту) мамандығы бойынша магистранттарды дайындау үшін ұсынылады.

"Строй Прогресс" ЖШС директоры

Оспанов А.А.

КОЛЫ



7M04142 «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша эксперт қорытындысы

Теңгерімделген білім беру бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Мемлекеттік білім беру стандарттарының ережелеріне сәйкес әзірленді. ОҚМУ максаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. М.Әуезов және экономиканың, қызмет көрсетулер мен бизнестің профильді бағыты бойынша тереңдетілген кәсіби дайындықпен айналысатын менеджмент бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған.

Модульдік білім беру бағдарламасының нәтижелері Дублиннің екінші деңгей дескрипторлары (магистратура) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрсетіледі. Нәтижелер бағдарламаның деңгейінде де, жеке тәртіп деңгейінде де қалыптасады, ол жоғары білім деңгейінде алынған білімдер мен түсініктерді білдіреді, бұл идеяларды бастапқы дамыту мен қолданудың негізі немесе мүмкіндіктері, жаңа және беймәлім жағдайларда проблемаларды шешу мүмкіндігі, қиындықтарды жеңу үшін, қорытындыларды және басқарушылық шешімдерді негіздеу, кәсіби қызметтегі білім әдістерін критикалық талдау және қолдану.

Білім беру бағдарламасы білім беру бағдарламасын жүзеге асырғаннан кейін магистранттардың алған білімінің, дағдыларының, қабілеттерінің және құзыреттерінің деңгейі мен көлемін қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы негізгі және негізгі пәндердің циклында, кәсіби тәжірибелерді, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын (магистрлік жобаны енгізу) қоса алғанда, теориялық дайындықты қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы оқytудың кредиттік технологиясына, құзыретті тәсілге және пәндерді оқу жүйесіне негізделген. Негізгі пәндер циклі міндетті компоненттің және қосымша компонент пәндерінің логикалық дәйектілігінен тұрады.

Білім беру бағдарламасының мазмұны білім берудің бухгалтерлік және өлшеу құралдарына қойылатын талаптарға, мысалы, магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін анықтауға, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдердің ұзақтығына, оқу сабақтарының түрлеріне, оқу материалдарының көлеміне сәйкес дайындалады.

Білім беру бағдарламаларын іске асыруды қаржы - экономикалық салада ғылыми дәрежесі бар жоғары білікті мамандар жүзеге асырады. Теңгерімделген білім беру бағдарламасы экономика, еңбек нарығы, жұмыс берушілер мен магистранттардың даму талаптарына жауап береді; болашақ мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ететін осы бағдарламаны іске асыруға жұмыс берушілердің қатысуын көздейді.

Білім беру бағдарламасының жүзеге асуы әртүрлі пәндер бойынша алынған білімді интеграциялауға мүмкіндік береді; оларды белгілі бір жағдайларда талдамалық және басқарушылық міндеттерді шешу үшін қолдануға, жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуге шығармашылық және шығармашылық көзқараспен ойлау, заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы ақпараттық - аналитикалық және ақпараттық - библиографиялық жұмыстарды жүргізу. ОҚУ «Қаржы» кафедрасы әзірлеген БББ 7M04142 «Қаржы» сипаты, құрылымы және мазмұны туралы қорытынды жасауға болады. Жоғарғы оқу орнында білім алуға құзыретті көзқарас негізінде М.Әуезова жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дайындау талаптарын қанағаттандырады, кәсіптік қызметте негізгі және пәндік құзыреттерді игеру мен дамытуды қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және менеджмент магистрі дәрежесі беріледі

Эксперттік комиссия төрағасы:  э.ғ.к., доцент Сейдахметов М.К.

Эксперттік комиссия мүшесі:  э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтымбетова А.Н.

Эксперттік комиссия мүшесі:  э.ғ.к., доцент Сатымбекова Қ.Б.